Тілеубай Гүлбану Қашқынбайқызының
«8D01704 – Орыс тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстандық орыс әңгімесін талдаудың теориялық және әдістемелік аспектілері» атты диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы Зерттеу пәнаралық әдіснамалық негізде жүзеге асырылды. Диссертациялық жұмыста әдебиеттану, психология, педагогика және оқыту әдістемесі салаларындағы ғылыми тәсілдер, тұжырымдар мен теориялық қағидалар кешенді түрде қолданылды. Бірінші бөлімде қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері зерделенеді. Екінші бөлімде қазіргі қазақстандық орыс прозасын жоғары оқу орнында оқытудың психологиялық-педагогикалық және әдістемелік аспектілері талданады. Үшінші бөлімде диссертант әзірлеген, қазіргі қазақстандық орыс әңгімесін жоғары білім беру жүйесінде оқытуға бағытталған әдістемелік үлгі сипатталады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі бірнеше фактормен анықталады. Әңгіме жанры қазіргі эпикалық жанрлар арасында сұранысқа ие болып, әдеби журналдар мен басылымдарда жаңа әрі сапалы шығармалардың жарық көруімен дамып келеді. Бұл шығармаларды жүйелі зерттеу көркем прозаның эволюциясын терең түсінуге мүмкіндік береді. Әңгіме жанрының трансформациясы мен модернизациясы оны жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Әңгіме мен повесть арасындағы жанрлық шекаралар шартты болғандықтан, жанр табиғатын зерттеу күрделенеді. Осы мәселелерді кешенді зерттеу әдебиеттанушылар үшін маңызды. Қазіргі қазақстандық авторлардың әңгімелерін зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындары мен мектептерде шағын прозаны оқытуда тиімді пайдалану оқу үдерісін байытады.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Қазіргі қазақстандық орыс әңгімесінің дамуын зерттеу аспектілері әдебиеттану ғылымында жеткілікті деңгейде зерделенбегені зерттелу дәрежесін анықтайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, әдебиеттану саласында қазақстандық орыс әңгімесінің қалыптасуы, даму барысы және жанрлық табиғатына арналған іргелі зерттеулердің болмауы мәселенің жеткіліксіз зерттелгендігін айғақтайды.

Қазақстандық орыс әңгімесіне арналған арнайы зерттеулердің жоқтығы оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Осы мәселені шешу үшін қазақстандық орыс әңгімесін әдебиеттанулық тұрғыдан зерттеу әдістерін әзірлеп, жоғары оқу орындарында тиімді оқыту жолдарын анықтау қажет. Студенттердің қазақстандық орыс әдебиетін оқу эстетикалық, адамгершілік және патриоттық тәрбиені дамытуға ықпал етеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен мемлекеттік стандарттар мұғалімдерге жастарды патриотизм мен

толеранттылық рухында тәрбиелеу және олардың танымдық қабілеттерін дамыту міндетін жүктейді.

Зерттеу нысаны – қазіргі заманғы әдеби үдеріс, әдебиеттің эпикалық тегі, шағын проза, жанрология, әңгіме жанры, қазақстандық орыс әдебиеті, орыс әдебиетін оқыту әдістері, көркем әдеби шығармаға талдау жасау әдістемесі, жоғары оқу орнында эпикалық шығарманы оқытудың формалары мен тәсілдері.

Зерттеу пәні – қазақстандық орыс әңгімесі, осы жанрды оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері мен әдістемелік формалары, қазіргі отандық авторлардың әңгімелерін жоғары оқу орны аудиториясында меңгертудің жолдары мен құралдары.

Зерттеудің мақсаты – қазіргі қазақстандық орыс әңгімесінің жанрлық түрлерін айқындау, оның поэтикасы мен сюжеттік-композициялық құрылымын сипаттау, сондай-ақ жоғары оқу орны аудиториясында оқытудың әдістемелік тәсілдері мен құралдарын әзірлеу.

Зерттеу гипотезасы төмендегідей болжамға негізделеді: қазіргі қазақстандық орыс әңгімесін жоғары оқу орнында оқыту келесі шарттар орындалған жағдайда тиімді болады:

– қазіргі қазақстандық әңгіменің поэтикалық доминанттарын айқындап, оларды ЖОО бағдарламасына енгізу;

– студенттердің қазақстандық әңгіме туралы тұтас ұғымын қалыптастыруды қамтамасыз ететін жүйелі тәсілді жүзеге асыру;

– студенттердің әдебиеттанулық тірек ұғымдарды (фабула, сюжет, композиция, хронотоп, шеберлік және т.б.) жүйелі түрде меңгеруіне мүмкіндік беретін әдістемелік үлгіні құрастыру;

– студенттердің әдебиеттанулық және әдістемелік құзыреттерін дамытуға бағытталған әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану;

– студенттердің теориялық-әдеби және тарихи-мәдени білімдерін жалпылау;

– орыс әдебиетін оқытуда тұлғалық бағдарланған әдісті қолдану арқылы студенттерді оқыту.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

– диссертациялық зерттеу тақырыбының аясында қазіргі заманғы қазақстандық авторлардың шығармаларын талдауға теориялық негіз бола алатындай, әңгіме жанрының жанрлық белгілерін айқындап, жүйелі сипаттау;

– қазіргі қазақстандық жазушылардың әңгімелеріне тән көркемдік ерекшеліктер мен тақырыптық-мазмұндық проблематиканы анықтау және сипаттау;

– әңгімені эпикалық жанр ретінде жоғары оқу орындарында оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін әзірлеп, ғылыми тұрғыда негіздеу;

– қазіргі қазақстандық авторлардың әңгімелерін жоғары оқу орнында талдауға арналған әдіс-тәсілдерді әзірлеп, оларды оқу үдерісіне енгізудің тиімді жолдарын негіздеу;

– қалыптастырушы оқыту үдерісінде «Қазақстандық орыс әңгімесі» атты элективті пәнді әзірлеп, оны оқу тәжірибесінде апробациядан өткізу.

Аталған міндеттер зерттеудің теориялық-әдістемелік базасын құра отырып, қазіргі қазақ прозасындағы әңгіме жанрын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалы ретінде қазіргі қазақстандық жазушылар Райхан Алдабергенова, Константин Гайворонский, Геннадий Доронин, Михаил Земсков, Бахытжан Канапьянов, Амангельды Кураков, Ольга Марк, Илья Одегов, Умит Тажкен, Надежда Чернова, Салахитдин Муминов, Рена Жуманова және басқа да авторлардың әңгімелері пайдаланылды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы: зерттеу жұмысында әңгіме жанрының бастапқы теориялық тұжырымдары алғаш рет дербес анықталып, сипатталып, оның жоғары оқу орындарында зерттелу әдіс-тәсілдері белгіленді. Сонымен қатар, әдебиеттану саласында қазіргі қазақстандық жазушылардың бірқатар әңгімелері алғаш рет ғылыми тұрғыда талданып, зерттеу жүргізілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

– әңгіме жанрының эпикалық шығарма ретінде жанрлық белгілерін алдын ала теориялық тұрғыда сипаттау, аталған жанрдағы қазақстандық авторлардың шығармаларының поэтикасы мен проблематикасын зерттеуге бағытталған ғылыми негізді қалыптастырады және бұл диссертация тақырыбының аспектісінде маңызды рөл атқарады.

– қазіргі қазақстандық авторлардың шығармашылығында реалистік әңгіме түрлерінің әртүрлі типтері көрініс тапқан: автобиографиялық (Б.Канапьянов, Н.Чернова, Р.Алдабергенова, К. Гайворонский және басқалар), әңгіме-зарисовка (Ү.Тәжкен), фабулалық психологиялық (И.Одегов, О. Марк, М. Земсков, С. Муминов, Р. Жуманова және басқалар), эпикалық (А. Кураков);

– әңгіме жанрын зерттеудің тиімді жүйесінің негізі ретінде психолого-педагогикалық және әдістемелік негіздер маңызды рөл атқарады, олар жоғары оқу орындарында эпикалық шығармаларды талдаудың негізінде әзірленген және түрлі білім беру технологияларының элементтерін, оның ішінде әдебиетті оқытудың тұлғалық бағдарланған тәсілін қолдану арқылы дамытылған;

– қазіргі қазақстандық жазушылардың әңгімелерін зерттеудің эвристикалық және интербелсенді әдістері мен тәсілдері психология, педагогика, дидактика және орыс әдебиетін оқыту әдістемесінің озық қағидаларына, қағидаттарына және әдістеріне негізделген, бұл педагогикалық оқыту іс-тәжірибесін сәтті жүргізуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізі жанр теориясына арналған Б.В. Томашевский, М.М. Бахтин, Ю.Н. Тынянов, С.С. Аверинцев, Г.Н. Поспелов, В.В. Кожинов, Н.Л. Лейдерман, Р.С. Спивак, Т.Н. Маркова, М.Ю. Звягина, М.А. Петровский, Б.М. Эйхенбаум, В.Б. Шкловский сияқты әдебиеттанушылардың еңбектерімен айқындалады. Олардың зерттеулері әңгіме жанрын терең түсінуге негіз салды, әрі кейінгі ғылыми ізденістерге жол ашты. Бұл бағыттағы жұмыстарды А.А. Нинов, М.А. Макина, А.А. Огнев, В.Я. Гречнев, В.П. Скобелев, В.И. Тюпа, А.Ж. Лужановский, С.В. Тарасова, М.В. Кудрина және басқа ғалымдар жалғастырды.

Қазақстандық орыс әңгімесін зерттеу барысында Б.У. Жолдасбекова, А.Ж. Жақсылықов, В.В. Бадиков, С.В. Ананиева, В.В. Савельева, Л.В. Сафронова, С.Л. Абишева, Қ.С. Бұзаубағарова, А.Б. Темірболат, Г.Ш. Елеукенова, У. Қалижанов және басқа зерттеушілердің еңбектері маңызды. С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, В.П. Беспалько, Г.К. Селевко, А.В. Хуторский, Н.А. Алексеев, Е.В. Бондаревская, А.А. Пигин, В.В. Сериков сияқты ғалымдардың идеялары жоғары оқу орындарында әңгіме жанрын оқыту әдістемелерін психологиялық және педагогикалық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Инновациялық оқытуды ұйымдастыру мәселелері қазақстандық ғалымдар – А.Е. Аблыкасымова, Г.К. Ахметова, З.А. Исаева, Б.А. Жетписбаева, Г.Ж. Менлибекова, Д.Х. Байдрахманов, А.К. Мынбаева, З.М. Садвакаса, Ш.Т. Таубаева, С.Н. Лактинова, Н.Н. Хан, С.О. Муминов және басқалар зерттеген.Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде классикалық әдебиеттану мен педагогика саласындағы іргелі еңбектер мен қазіргі заманғы ғалымдардың идеялары пайдаланылды. Бұл қатарда Ф.И. Буслаев, А.Д. Галахов, В.И. Водовозов, В.Я. Стоюнин, В.П. Острогорский, А.И. Незеленов, Ц.П. Балталон, В.В. Данилов, Н.М. Соколов, М.А. Рыбникова, В.В. Голубков, Г.А. Гуковский, Н.И. Кудряшев, сондай-ақ Ю.Ю. Богданова, С.А. Зинин, В.А. Доманский сияқты ғалымдардың идеялары негіз болды.

Зерттеу жұмысында келесі әдебиеттану және ғылыми әдістер қолданылды: теориялық әдіс (әдебиеттану саласындағы еңбектерді зерттеу), тарихи-әдебиеттану әдісі, жүйелі-типологиялық тәсіл, поэтико-құрылымдық талдау, сондай-ақ шығарма жанры мен түріне қатысты талдау. Диссертацияда қолданылған зерттеу әдістері:

Теориялық әдіс (әдебиеттану, психология, педагогика, дидактика, орыс әдебиетін оқыту әдістемесі салаларындағы ғылыми еңбектерді зерттеу);

Социологиялық-педагогикалық әдіс (оқытушылармен сауалнама жүргізу, сұхбаттар, студенттердің жазбаша және ауызша жұмыстарына талдау, бақылау);

Эксперименттік әдіс (бастапқы диагностикалық кезең, оқу үдерісіне әдістемелік жүйе енгізу, қорытынды бақылау кезеңі).

Зерттеудің теориялық маңыздылығы қазақстандық автор әңгімелерін әдеби талдау әдістерінің қазіргі қазақ шағын прозасындағы жаңа көркемдік құбылыстарды зерттеуде қолданбалы әлеуетінің жоғары болуымен айқындалады. Зерттеу нәтижесінде қалыптасқан әдеби-теориялық ұстанымдар эпикалық жанрлардың өзге түрлерін зерделеудің ғылыми негізін құрып, әңгіме жанрының поэтикасы мен проблематикасын талдауға бағытталған әдістемелер мен технологияларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеуде ұсынылған әңгіме жанрын оқытудың тәсілдері мен әдістерінің жүйесі жоғары оқу орындары мен мектептерде әдебиетті оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістемелерін әзірлеу бағытында ғылыми-әдістемелік тұрғыдан өзектілігімен ерекшеленеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның қорытындылары, тұжырымдары мен ғылыми нәтижелерінің Қазақстан прозасы тарихы бойынша элективті курстардың негізін құрай алатынымен сипатталады. Диссертация материалдары қазіргі орыс прозасының даму үрдістері мен оны оқыту әдістемесін қамтитын оқу құралдарын әзірлеудің негізі бола алады.

Алынған нәтижелердің апробациясы. 1 мақала SCOPUS дерекқорына енген журналда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізбесіне кіретін журналдарда, ал 3 мақала халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында жарияланды. Диссертацияда ұсынылған әдістемелік жүйе педагогикалық эксперимент барысында табысты апробациядан өтті.

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді:Алғашқы кезең (2019 қыркүйек – 2020 мамыр): зерттеу нысанын айқындау, әңгіме жанрын оқытудың әдеби-теориялық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік негіздерін әзірлеу.Негізгі кезең (2020 қыркүйек – 2021 мамыр): констатирлеуші, қалыптастырушы және бақылаушы эксперименттерді жүргізу. Бұл кезеңде қазақстандық авторлардың әңгімелерін оқытуға арналған әдістемелік жүйе сәтті апробациядан өтті.Қорытынды кезең (2021 қыркүйек – 2022 мамыр): эксперименттік жұмыстың нәтижелерін шығару, статистикалық талдау және зерттеудің негізгі тұжырымдарын қалыптастыру.

Диссертация үш бөлім мен қосымшалардан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.